

**Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының
шаруашылық жүргізу құқығындағы «№25 қалалық емхана»
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау нәтижелері бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

2024жыл

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№25 қалалық емхана" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан ары - Кәсіпорын)

Жұмыс тобы жемқорлыққа қарсы ішкі сараптаманы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабы 1 және 5 тармақтарына

1) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (ішкі және сыртқы) – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу.

5) Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығына сай атқарылды.

Жемқорлыққа қарсы ішкі сараптама нысанының атауы: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№25 қалалық емхана" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан ары - Кәсіпорын)

Ішкі талдау сараптамасының талданатын кезеңі: 2024 жылдың 4 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі аралығы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

Кәсіпорынның
ұйымдастырушылық-басқару
қызметіндегі тізімі

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
мәдинетті қалыптастыру және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
күресті күшейту, барынша жол
бермеу» тақырыбында дөнгелек
үстел

мемлекеттік қызметтерді
көрсету

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін
қарау сапасы;

Талдау нәтижелері бойынша:

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ

Ұйымдастырушылық басқару қызметі

№	Персоналдарды басқару	бірлік
1.	2024 жылдың қаңтар, желтоқсан айларындағы штат саны	228 бірлік
2.	Басқару персоналы	1 бірлік
3.	Әкімшілік персоналы	3 бірлік
4.	Басқа (Прочие) салалар бойынша	56 бірлік
5.	Дәрігерлер	65 бірлік (оның ішінде 19 бірлігі толық емес жұмысшылар)
6.	Медбикелер	103 бірлік (оның ішінде 6 бірлігі толық емес жұмысшылар)
7.	Толық емес жұмысшалар (Совместитель)	28 бірлік
8.	Жүктілігі бойынша (Декрет)	43 бірлік (оның ішінде 3 бірлігі толық емес жұмысшылар)
9.	Вакансия (бос жұмыс орны)	17 бірлік
10.	СОТТЫЛЫҚ	ЖОҚ

56 қызметкер өз өтініштері бойынша жұмыстан босатылды

Қызметкерлерді жұмыстан шығарудың негізгі себептері тараптардың келісімі бойынша және қызметкердің бастамасы бойынша. Теріс фактілерге байланысты жұмыстан босатылғандар жоқ. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту фактілері орын алған жоқ. Кәсіпорын қызметкерлерінің қандай да бір қылмыстық немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны туралы тіркелген жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша жұмыс.
Ұсыныстар: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жоспарын әзірлеу және белсендіру
Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл науқанын іске асыру бойынша шаралар қабылдау.

Мемлекеттік сатып алу.
Орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434- V Заңына (бұдан әрі – заң) сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталында жүзеге асырылады.



Ұсыныстар:

Мемлекеттік сатып алу саласындағы қолданыстағы заңнаманың бұзылуына жол бермеу үшін басшылық бақылауды қамтамасыз етіп, мемлекеттік сатып алуды менеджерге жауапкершілікті жүктеуі қажет. Мемлекеттік сатып алу жоспарына талдау жүргізу және оның нәтижелері бойынша бір көзден сатып алуды азайту (жөю) бойынша іс-шаралар қабылдау



2024 жылы «СК-Фармация» ЖШС дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды орталықтандырылған сатып алумен 37 189 804,52 теңгеге алынды.

2024 жылға мемлекеттік сатып алу порталында сатып алынған тауарлардың жалпы сомасы 126 354 962,13 теңге, жалпы сомасы 106 627 783,86 теңгеге сатып алынды. Өткізілген сатып алудан шартты үнемдеу 19 727 178,27 теңге, лоттар саны 266 қызметтер, жұмыстар мен тауарлар, шарттар саны 131.

Конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу 4 лот, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 187 лот 80 шарт, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өтпеген сатып алу – 39 лот 31 шарт, бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы – 7 лот 6 жеткізушілермен келісім-шарт «Формат және логикалық бақылау» Бұған коммуналдық қызметтер, зертханалық зерттеулер, салық органдарына өзгеріссіз фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және беру қызметтері, ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету қызметтері (пайдаланушыны сертификаттау, рұқсат алу, т.б.) кіреді.



ГОСЗАКУПКИ



Тіркелген науқастардың тізімі – 31 851 тіркелуші

Е-Өтініш сайтты бойынша 25 хат келіп, тіркелді. 19 арыз, 1 шағым, 5 тағы басқа өтініштер қаралды.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты шағымдар мен ескертулер түскен жоқ.

2ГИС қосымшасы арқылы 83 хат түсті. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты өтініштер болған жоқ.

Сенім жәшігі, сенім телефоны арқылы барлық өтініштер дер кезінде қаралады. Жеке және заңды тұлғалардан кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты шағымдар түскен жоқ.

Қорытынды бөлім.

Ішкі талдау нәтижелері бойынша кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Комплаенс-офицер Жәкенов Ұ.Н «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдинетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, барынша жол бермеу», Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы туралы, «Денсаулық сақтау саласында кездесетін сыбайлас жемқорлықтың жанама түрлері» тақырыбында әр бөлімнің қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік кәсіпорынның әрбір қызметкерінің азаматтық ұстанымына, адалдық пен әділдік мінез-құлық нормасына айналуы тиіс. Біздің қоғамның әрбір толыққанды және дені сау мүшесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу – бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ісі екенін түсінуге тиіс

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қоғамда халықты ағарту, азаматтардың құқықтық санасын ояту, құқықтық сауаттылыққа оқыту, өскелең ұрпақты құқықтық тәрбиелеу және сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін халықтың әлеуметтік проблемаларын шешу арқылы қалыптасады.

Осылайша, сыбайлас жемқорлықпен күресу принциптерін әрбір қызметкерге жеткізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасады. Біздің кәсіпорын әлеуметтік салауатты қоғам құруға өз үлесін қосуға ұмтылуы керек.

Әңгімелесу барысында қызметкерлер сыбайлас жемқорлық көрінісін, сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік шараларымен егжей-тегжейлі танысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мекеменің жергілікті нормативтік актілерімен: қызметкерлердің әдеп кодексі мен құқықтарымен міндеттерін, қызмет көрсету тәртібімен танысты.

Жиын соңында қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша пара бермеу, пара алмау, делдал болмау мәселесін қозғады.

Әр кездесуден кейін әлеуметтік желілерде өткен кездесулермен, видеороликтер тұрақты түрде жарияланып отырады.





**АНТИКОРРУПЦИОННАЯ
СЛУЖБА КАРАГАНДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ**

**SARYARQA
ADALDYQ
ALAŃY**



**АЗАМАТТЫҚ
БЕЛСЕНДІЛІГІҢДІ
АРТТЫР!
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ЖОЛ БЕРМЕ!**

**ПРОЯВИ СВОЮ
ГРАЖДАНСКУЮ
ПОЗИЦИЮ!
ОСТАНОВИ
КОРРУПЦИЮ!**

сілтемелер:

Instagram: gp_25_poliklinika

жазылушылар саны: 651

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02yF6r7JegafXtLbAY1TTwG3kMSLzMCMDzw1UmdmWCyqDs2Yx6sRouXv6L2XBW8hmXl&id=100014356633310&mibextid=Nif5oz

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02bW3yRs5xriz6FqjLCP1fSrLZYtm4NJjH29H6uSeTJmFtE4JrZD8YqVVE8kTT2cLzl&id=100014356633310

<https://www.instagram.com/p/CiZ6H9ftd1g/?igshid=NTU1Mzc3ZGM=>

<https://www.instagram.com/p/Choufget8c1/?igshid=NTU1Mzc3ZGM=>

<https://www.instagram.com/reel/ChWTBqLgz-e/?igshid=NTU1Mzc3ZGM=>

<https://www.instagram.com/p/CiZ6H9ftd1g/?igshid=NTU1Mzc3ZGM=>

https://www.instagram.com/p/CtblaTZNV7C/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFlZA==

<https://www.instagram.com/reel/DAAwuhrc2K/?igsh=OGR4a282ZThicWl4>

<https://www.instagram.com/reel/DCGwdtMsy9f/?igsh=bmd6MHMxbmVjZ2lt>